«Бекітемін»
Сапаккөл орта мектебінің
директоры __________ Б.Тургангазин
«31» __________ 2022 ж

**Сапаккол орта мектебі бойынша әлеуметтік педагогтың**

**2022 – 2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

**Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары**
2022-2023 оқу жылы

**Тақырыбы:** Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқталып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік реабилитация мен бейімделуіне, жұмысқа орналасуы мен тұрғын үй кезегімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

**Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:** оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты ынғайту.

**Әлеуметтік педагогтың міндеттері:**

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.*

| № | Іс – шаралар | Орындалу мерзімдері | Жауаптылар | Есеп беру нысандары |
|---|---|---|---|---|
| **І. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу** | | | | |
| 1 | <u>Ұйымдастырушылық іс-шаралар.</u><br>- Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру<br>- Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау. | тамыз | әлеуметтік педагог | жоспар |
| 2 | - **«Мектепке жол»** акциясы аясында мектепішілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау.<br>- Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.<br>- Демеушілерге хат жолдау | тамыз | әлеуметтік педагог | акция аясында |
| 3 | - **«Мектепке жол»** акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Міндетті білім қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну.<br>- Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру. | тамыз | әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО | пед кеңес анықтама |
| 4 | Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау.<br>- тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар<br>- ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар<br>- атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар<br>- аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар<br>- көп балалы отбасынан шыққан оқушылар<br>- жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар<br>- ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар<br>- өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын)<br>-ата – әжесімен тұратын оқушылар | Қыркүйек | әлеуметтік педагог<br>сынып жетекшілер | пед кеңес анықтама |
| 5 | Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. | Қыркүйек | әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО | пед кеңес анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу. | | | |
| 6 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында (қашықтан білім беру болған жағдайда интернет желілерімен, ноутбук, компьютермен) оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау. | Қыркүйек | әлеуметтік педагог<br>сынып жетекші<br>кітапханашы | пед кеңес анықтама |
| 7 | Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты :<br>- Толық отбасылар<br>- Толық емес отбасы<br>- Анасы жоқ отбасылар<br>- Әкесі жоқ отбасылар<br>- Ата-анасының бірі бар ажырасқан отбасы<br>- Көп балалы отбасы<br>- Аз қамтамасыз етілген оқушылар отбасы<br>- Қорғаншылық (қамқоршылықтағы) балалар<br>- Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушылар;<br>- Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар<br>- Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар<br>- Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар<br>- Өгей ата-анамен тұратын<br>- Әр бала өз отбасымен жақын туыстарының үйінде тәрбиеленетін<br>Ата-аналарының білім:<br>- Жоғары, жоғары біліммен кейінгі<br>- Техникалық және кәсіптік<br>- Орта | Қыркүйек | әлеуметтік педагог | мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу |
| | **II. Бала құқығын қорғау жұмысы** | | | |
| 8 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен және қорғаншылармен ҚББ байланыса отырып жұмыс жүргізу. | жыл бойы | Әлеуметтік педагог | анықтама |
| 9 | Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу | тоқсан сайын | Әлеуметтік педагог<br>сынып жетекшілер<br>психолог | анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | «Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу. | қыркүйек, қазан | Әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО | мәлімет білім бөліміне |
| 11 | «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында орта буын сыныптарында эссе жазу.(5-11 сыныптар) | Қазан | Әлеуметтік педагог<br>Пән мұғалімдері | анықтама |
| 12 | Қайырымдылық – адам жанының нұры | Қараша | Әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО<br>Тәлімгер | |
| 13 | «Бала құқығы» асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар.<br>Мектеп бітіруші сыныптарға түсіндірме жұмыстарын жүгізу. 9-11 сыныптар | желтоқсан | Әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО<br>психолог<br>сынып жетекші | анықтама |
| 14 | Облыс, аудан әкімінің шыршаларына әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстыру, құжаттарын жинақтау | желтоқсан | Әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО | анықтама |
| 15 | Жаңа жылдық шыршада іс қамтылған, көп балалы, толық емес отбасындағы оқушыларды сыйлықпен қамтамасыз ету; | Желтоқсан | Әлеуметтік педагог | анықтама |
| 16 | «Бала тәрбиесіндегі ата – аналардың рөлі және мектеппен байланысы» ата – аналар жиналысы | ақпан | Әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО | анықтама |
| 17 | «Әке – отбасы қоғамы» әкелер жиналысы | ақпан | Әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО | анықтама |
| 18 | «Өмір құндылығы» 5-11 сыныптар тренинг | сәуір | Әлеуметтік педагог<br>ДТЖЖО<br>психолог | анықтама |
| 19 | «Жат діни ағым және қазақ қыздарының тағдыры» | Үнемі | Психолог<br>Әлеуметтік педагог | |
| | **III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс** | | | |
| 20 | Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу. | жылына екі рет | Әлеуметтік педагог және комиссия құрамы | Акт қамқоршының есебі |
| 21 | Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу | қыркүйек | ДТЖЖО<br>сынып жетекші<br>Әлеуметтік педагог<br>психолог | анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 22 | Мектепішілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. «Әлеуметтік» тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу. | жыл бойы | ДТЖЖО әлеуметтік педагог педагог психолог | тізім |
| 23 | Оқушылардың үйірмелерге қатысымын қадағалау | Қараша | ДТЖЖО әлеуметтік педагог | |
| 24 | Қолайсыз отбасыларды анықтау және рейд жүргізу | Ақпан | Әлеуметтік педагог | Анықтама |
| 25 | «Мен тұлғамын» 5-7 сыныптар дөңгелек үстел | наурыз | әлеуметтік педагог психолог | анықтама |
| 26 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепішілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру | мамыр | әлеуметтік педагог | оқушы құжаттарын жинау |
| **IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы** | | | | |
| 27 | Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу | үнемі | әлеуметтік педагог педагого психолог сынып жетекші педагог ұйымдастырушы | болған жағдайда |
| 28 | Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу. | үнемі | | |
| 29 | Ата- анасымен тұратын оқушылардың отбасылық , әлеуметтік жағдайын бақылау | үнемі | | |
| 30 | Медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізу | жоспарға сай | | |
| **V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс** | | | | |
| 31 | Ата-аналар жиналыстарына қатысу;<br>Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау. | I.II.III.IУ тоқсан | әлеуметтік педагог ДТЖЖО | хаттама |
| 32 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау. | үнемі | әлеуметік педагог | кеңес беру анасымен сұхбаттасу |
| 33 | Аудандық әкімшілік, және қалалық жұмыспен қамту орталығымен байланыста болып, АӘК алушы отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау, | I.II.III.IУ тоқсан | әлеуметтік педагог | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34 | «Отбасы жарастығы» дөңгелек үстел ата-аналармен | наурыз | әлеуметтік педагог,психолог ДТЖЖО , сынып жетекші | хаттама |
| **VI. Диагностикалау-талдау қызметі** | | | | |
| 35 | Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы. | мамыр | әлеуметтік педагог | анықтама |
| 36 | Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі | мамыр | әлеуметтік педагог | |
| 37 | Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру | мамыр | әлеуметтік педагог | Жоспар әзірлеу |
| 38 | Жаз кезіндегі оқушылар қауіпсіздігін алдын – алу түсіндірме жұмыстар | Мамыр | әлеуметтік педагог | |

**Сапаққөл орта мектебінің**
**әлеуметтік педагогі**
**Р.Сатығалиевадан**

**Сапаққөл орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына**
**арналған әлеуметтік педегогтың есебі**

2022-2023 оқу жылында **Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының мақсаты:**

- Оқушыларға әлеуметік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігіен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақты нығайту

**Әлеуметтік педагогтың міндеттері:**

- Балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- Оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік – педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- Тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға ибейімделуіне жағдай жасайды.

**Мектеп бойынша оқушылар санының көрсеткіші**

| № | Оқу жылы | Бала саны | Әлеуметтік жағдайы бойынша есепте |
|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 164 | |
| 2 | 2023-2024 | 174 | |

**Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайының көрсеткіші**

| № | Оқужылы | Көп балалы | Аз қамтылған | Жартылай жетім | Әкесі Қайтыс болған | Анасы қайтыс болған | Өгей әкелерімен тұратын оқушы саны | Өгей аналарымен тұратын оқушы саны | Үйден оқитын оқушы саны | Отбасында мүгедегі бар оқушы саны | Толық емес отбасының оқушы саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 28 | 15 | 2 | 2 | - | 1 | - | 3 | 3 | 2 |

**«Жалпыға бірдей білім беру» қорынан тамақ ішетін оқушылар көрсеткіші**

| № | Оқу жылы | 1-4 сынып | I санат | II санат | III санат | Санатсыз | 5-11 | Жалпы саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 64 | 2 | 9 | - | | 18 | 29 |

Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. «Қайырымды істер марафоны» акциясы бастау алды. Мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар анықталмады. Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында

«Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Ақтөбе облысының білім басқармасының Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 18.07.2023 жылғы №5-15-2/4267 хаты негізінде аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатындағы жылдағы дәстүр бойынша «Мектепке жол – Шекарсыз жақсылық» ұранымен Мектепке жол акциясы басталды. Барлығы 11 –ға жуық өтініш келіп түсті. 11 оқушының тізімі жасақталып, аудандық білім бөліміне жіберілді. Келіп түскен сұраныска сәйкес 11 балаға көмек берілді. Ойыл аудандық білім бөлімінің қолдауымен 1 отбасының 1 баласына Ойыл аудандық орталық мешіті, 1 баланы Ойыл аудандық әкімінің аппараты және демеушілердің демеушілігімен спорттық киім, спорттық аяқ киімдер, мектеп формалары мен оқу құралдары берілді.Әр мекемелерге түсінік жұмыстары жзүргізілді.








**Жаңа оқу жылында мектебіміздің 1 сыныпқа қабылданған 17 оқушыға «Анвар» ЖШС бас директоры Сальфиков Талғат Маратович өз демушілігін көрсетті.**





1- 11 сыныптары бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан, жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан және жетім балалар әлеуметтік қолдау мақсатында әлеуметтік көмек алатын отбасыларға кепілдендірілген әлеуметтік пакеттің берілуі үшін отбасылар тізімі жасақталып, аудандық білім бөліміне 8 отбасының 13 баласына 37389 теңге көлемінде көмек көрсетіліп, мектеп формасы және құралдарымен қамтамасыз етілді. Әлеуметтік пакет ақшасыәр ата – аналардың жеке шоттарына түсті.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0

Дене шынықтыру пәнінен денсаулығына байланысты босатылған бала – 6

Жылына екі рет үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстары жүргізіліп, отырады. Пән мұғалімдері уақытылы сабақтарын береді.

**Садаш Серікбол**





**Амангелдіқызы Орынай**




Қыркүйек, қазан айларында «Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады.







Жалпы ыстық тамақ ішетін оқушылар саны мектебіміз бойынша - 29 оқушы. Олар мектебіміздің әлеуметтік көмек алушы отбасылардан шыққан және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына төмен отбасының оқушылары. Жоспарға сәйкес мектебімізде тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектеп асханасының жұмысына тексеру жүргізілді. Тексеру барысында асхана іші таза, жарық, қойма іші таза, жинақы. Ыдыстар жуылған таза. Асхана қызметкерлері медициналық тексерістен өткен, талапқай сай, асхана формасында болды.Дайын тамақтың сапасын бақылау журналы, келіп түскен тамақ уақытылы тіркеу журналы толтырылған.







Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыпта сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: Оқушылардың жақсы денсаулығының, жан – жақты дамуының кепілдігі – тиімді және үйлесімді тамақтану болып саналатын, «Салауатты өмір салтының» анықтамасын түсіндіру. Пайдалы және зиянды тағамдар туралы ақпараттар беру.

Тамақты үнемі жоспарға сай брокираж комиссиясы тексеріп отырады







Мектебіміздің мамандары учакелік инспекторымен бірлесіп құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізілді. Мақсаты: Түнгі уақытта кәмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін
21 – жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау.





Жоспарға сәйкес жалпы ата – аналар жиналысы және әкелер жиналысы өтті
Жаңа 2024 жылға арналған Қазақстан Республикасының президенті шыршасына мектебімізден мүмкіндігі шектеулі үйден оқитын 4 сынып оқушысы Садаш Серікбол қатынасып, бағалы сыйлықтар алып келді.







Мектеп медбикесі Г.Дүсіповамен бірлесіп қыздарға жеке бас гигенасы туралы «Қыз әдебі тақырыбында» түсінік жұмыстары жүргізілді.






Қайырымды істер марафоны аясында оқушыларымыз жалғыз басты аналарымызға көмек акциясына атсалысады жоспар бойынша Қоғамға қызмет клубының мүшелері
















Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша он күндік шара жоспарына сәйкес «Қыз бала қандай болу керек?» тақырыбында іс – шара өткізілді.







**2023-2024 оқу жылына қойылып отырған мақсат:**
**Мақсаты:** аз қамтылған балалармен жұмыс жүргізуді жалғастыру.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды келер оқу жылында жасаймыз:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;

2. Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;
3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.

**Әлеуметтік педагог: Р.Сатығалиева**